



Ембі ТЫНЫСЫ

№13 (143)
ЖЕЛТОҚСАН
2025 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

НӘТИЖЕ. КӨРСЕТКІШ. ЖОСПАР

ЕМБІ ӨНДІРІСІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР тиімділігін көрсетуде



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасы Асхат Хасеновтің «Ембімұнайгаз» АҚ-на (ЕМГ) арнайы жұмыс сапары барысында компанияның 2025 жылғы қызметіне жоғары баға берілді. ҚМГ басшылығы тиімді деп таныған жобалар мен Ембімұнайгаздың алдағы жоспарлары қандай? Осы мәселелерге кеңінен тоқталайық.

Жұмыс сапары кезінде ҚМГ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Прорва кен орындары тобына барып, мұнай-газ өндірудің тиімділігін арттыруға бағытталған инвестициялық жобалардың іске асу барысымен танысты.

Толығырақ – 2 бетте

МАРАПАТ

ЖЫЛ ҮЗДІГІ-2025: ЕҢБЕГІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНГЕН ЕМБІЛІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы дәстүрлі «Жыл үздігі-2025» салтанатты шарасын өткізді. Әр сала бойынша айрықша жетістіктерге жеткен қызметкерлерді марапаттау рәсімі – Компанияда қалыптасқан корпоративтік дәстүрдің бірі. Ембіліктерді қолдау және дамыту бағытындағы өз тиімділігін дәлелдеген маңызды шара – қызметкерлерді ынталандыратын, жыл қорытындысын айқындайтын негізгі жиын.

Жыл ішінде мұнай-газ өндірісіндегі негізгі көрсеткіштерді жақсартуға, жетілдіруге ұмтылумен қатар, жеке бастамаларын қолға алған қызметкерлер арнайы аталымдар бойынша үздіктер қатарынан көрінді.

4-5

ҚЫМБАТТЫ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді жаңа 2026 жылмен құттықтаймыз!

Күнтізбелік жыл ауысуы – жетістіктерді саралайтын кезең.

Біз де осы үрдіске сай, ғасырлық тарихты бағындырған Компаниямыздың жылдық жұмысын қорытындылап, алдымызға жаңадан жоспарларды белгілейміз.

Ал, санаулы уақыттардан кейін қоштасқалы отырған 2025 жыл біздің ұжым үшін табысты болды. Қолға алынған инвестициялық жобаларды табысты жүзеге асыру аясында ауқымды жұмыстар жүргізілді. Ембі өндірісіндегі нәтижесін тапқан іс-шараларға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығы тарапынан оң баға берілді.

Батыс Карасор кен орны 2 млн тонна мұнай қорымен өнеркәсіптік игерілуде. Ал, Батыс Прорва кен орнында 2025 жылы газ шоғырын игеру жобасының бірінші кезеңі басталып, мұнай өндіру көлемін жылына 45 мың тоннаға және газ өндіруді 160 млн текше метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік пайда болды.

Оңтүстік-Батыс Камысты және Гран кен алаңдарында газ-поршенді электр станциясы іске қосылды. Кен алаңдарын өз электр энергиямызбен қамтуды бастадық. Бұл жоба нәтижесінде сырттан ток көзін сатып алуға кететін шығындарымыз 55 пайызға дейін үнемделеді.

Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнында 80 млн текше метр газды өңдеуге арналған кешенді газды даярлау қондырғысының (УКПГ) құрылысы басталды. Қондырғыны пайдалануға беру 2026 жылының көктемінде жоспарланған. Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнын игеру басталғаннан кейін, жылына 100 мың тоннадан астам мұнай өндіруге мүмкіндік болады.

Біз кадр даярлау саясатын әркез жоғары қоямыз. Отандық мұнай-газ өндіру компаниясының болашағы білімді жастардың қолында екенін жақсы түсінеміз. Болашақ мұнайшылардың талапқа сай білім алуларына үлес қосуды парызымыздың бірі деп санаймыз.

Биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылының» аясында Сафи Өтебаев атындағы мұнай-газ университетінің жанынан болашақ мұнайшыларды лайықтайтын оқу-өндірістік полигонын салып, іске қостық. Оқу полигоны – мұнай-газ өндіру мекемесінің шағын моделі. Мұндағы 15 оқу алаңынан болашақ мамандар теория мен практиканы шебер ұштастыра алады. Бұл – қазақстандық жоғары оқу орындарының арасында алғаш іске қосылып отырған үлкен жоба.


Сондай-ақ, алғаш рет Компанияішілік «Ішкі жаттықтырушылар мектебі» жасақталып, қызметкерлердің кәсіби дамуына тағы да бір жол ашылды. Әлеуметтік қолдау шаралары аясында облыс көлемінде көптеген әлеуметтік нысандар ғимараттарының құрылысына үлес қосып, жергілікті халыққа қолдау көрсетіп келе жатқанымызды зор мақтанышпен айтамыз.

Түйіндей келе, бұл жұмыстардың қай-қайсысы да ембілік әр маманның жеке үлесінің жемісі екені сөзсіз. Ембі өндірісінің әрбір кен алаңындағы бірлескен жұмыстар мен ұжымдағы тұрақтылық үшін Сіздерге алғыс айтамыз.

Қолға алынған инвестициялық жобаларды табысты жүзеге асырып, барлық салалар бойынша көрсеткіштерімізді жаңа деңгейге жеткізуді өз алдымызға мақсат етіп қойып отырмыз. Бұл ретте Сіздердің қосар үлестеріңіз мол екені анық. Жаңа 2026 жылда да бірліктің арқасында табысты еңбектің жалғасынғына сенімдіміз.

Келер жыл әр шаңыраққа қуаныш пен шаттық, денсаулық пен бақыт әкелсін!
Жаңа 2026 жыл құтты болсын, әріптестер!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



ЕМБІ ӨНДІРІСІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТУДЕ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасы Асхат Хасеновтің «Ембімұнайгаз» АҚ-на (ЕМГ) арнайы жұмыс сапары барысында компанияның 2025 жылғы қызметіне жоғары баға берілді. ҚМГ басшылығы тиімді деп таныған жобалар мен Ембімұнайгаздың алдағы жоспарлары қандай? Осы мәселелерге кеңінен тоқталайық.

Жұмыс сапары кезінде ҚМГ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Прорва кен орындары тобына барып, мұнай-газ өндірудің тиімділігін арттыруға бағытталған инвестициялық жобалардың іске асу барысымен танысты.

ҚМГ басшысы өнеркәсіптік игеруге берілген, қоры 2 млн тонна болатын «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты **Батыс Қарасор** кен орнында болды. Бұл кен орнын іске қосу арқылы 2026 жылы ЕМГ-де мұнай өндіру көлемін қосымша 66 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік береді.

ГАЗ ӨНДІРІСІН ҰЛҒАЙТУ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ газ өндірісін арттыруға ерекше назар аударып отыр. Биыл «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты **Батыс Прорва** жобасының бірінші кезеңі басталды. Аталған жоба аясында жылына **100–150 млн текше метр** қосымша газ өндіру жоспарлануда. Ал келесі кезеңде өндірістік қуат тағы **500 млн текше метрге** ұлғаймақ.

Сонымен қатар, Асхат Хасенов Исатай ауданындағы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты **Оңтүстік-Шығыс Новобогат** кен орнында салынып жатқан ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының (УКПП) құрылысы жөніндегі есепті тыңдады. Бұл қондырғыны **2026 жылдың наурыз айына** іске қосу жоспарланып отыр.

Аталмыш жобаны жүзеге асырғанда қандай нәтижеге қол жеткіземіз?

1. Елдің ішкі нарығын тауарлық және сұйытылған газбен **қамтамасыз етеміз;**
2. Ембі кен алаңдарында мұнай өндіру көлемін жылына **20 мың тоннадан 110 мың тоннаға дейін** өсіруге қол жеткіземіз;
3. Ілеспе **газды сату** арқылы компанияның қаржылық көрсеткіштерін жақсартамыз;

ӨНДІРІЛУІ ҚИЫН ҚОРАЛДЫ ИГЕРУ

Бүгінгі таңдағы ЕМГ өндірісіне тиесілі қордың жартысынан астамы тұтқырлығы жоғары әрі өткізгіштігі төмен кеніштерге тиесілі. Осыған байланысты компания өндірілуі қиын қорларды белсенді игеруге кірісті.

Жүргізілген геологиялық-техникалық іс-шаралардың нәтижесінде 2025 жылы мұндай қорлардан өндірілген мұнай көлемі **750 мың тоннаға** жетіп, бұл жалпы жылдық өндірістің **26%-ын** құрады.

РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ ТОЛЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ғасырдан астам уақыт жер қойнауын игеру, негізінен байырғы кеніштермен жұмыс

істеу – отандық мұнай өндіру компаниясының алдына біраз өзекті мәселелерді қойып отыр. Соның бірі және бастысы – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ресурстық базасын нығайту. Бұл орайда мұнай өндіру деңгейін тұрақты сақтау мақсатында қолданыстағы кен орындарында қосымша барлау жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде 2025 жылы өндірілетін қор көлемі **2,7**



млн тоннаға артты. Сонымен қатар, жер қойнауын геологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде болашақта игеруге болатын бірқатар перспективалы учаскелер қарастырылуда.

РЕНТАБЕЛЬДІЛІГІ ТӨМЕН КЕН ОРЫНДАРЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Компания үшін басым бағыттың тағы бірі – өндірісті оңтайландыру. Яғни,

шығындарды азайту. Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – рентабельділігі төмен кен орындарымен жүйелі жұмыс жүргізу. Бүгінгі таңда игеріліп жатқан 32 кен алаңының 14-і рентабельділігі төмен кеніштер қатарынан. Мұндай кен алаңдарының шығындарын қысқарту және операциялық тиімділікті арттырудың нәтижесінде 14 кен алаңының 8-інің рентабельділігі артты.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ЖОСПАРЛАР

2025 жылдың 11 айында «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай өндіру көрсеткішін жоспардан тыс **32 мың тоннаға** артығымен орындады. Жылдың толық қорытындысы алдағы айдың еншісінде. Десек те, Ембі кен алаңындағы ауқымды жұмыстардың оң нәтижесін көрсетіп үлгеруі мұнай өндіру

мен тапсыру бағытында толымды табыстарға қол жеткізетінімізді дәлелдеп те үлгерді. Алдағы жоспарымыз бұдан да ауқымды.

Жүзеге асырылып жатқан шаралар алдағы **5 жылда:** мұнай өндіруді **200 мың тоннаға,**

тауарлық газ өткізуді жыл сайын **700 млн текше метрге** арттыруға мүмкіндік береді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Ембімұнайгаз» АҚ-на арналған сапарын «жақсы» деген бағамен қорытты. Ембі өндірісіндегі жаңа іс-шаралардың, инвестициялық жобалардың алғашқы жылдың өзінде тиімділігін көрсете алуы жалпы ұжымдағы ішкі әлеуметтік жағдайының дұрыстығы, ембіліктердің алдарына қойған жоспарларына үлкен жауапкершілікпен қарауы деп түйінделді.

Сапар барысында А.Хасенов жақсы жұмыстардың тиімділігін айтумен қатар, ЕМГ басшылығына инвестициялық жобаларды сапалы іске асыруды, өндірістік көрсеткіштерді арттыруды, шығындарды қысқартуды және қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстарды одан әрі тиімді жалғастыруды тапсырды. **ET**



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да «Жұмысшы мамандықтар жылының» салтанатты жабылу рәсімі өтті. Іс-шара барысында еншілес компаниялардың 58 үздік қызметкері марапатталды.

ҚМГ басшысы Асхат Хасенов өзінің құттықтау сөзінде ұлттық компания жұмысшы мамандықтарына ерекше назар аударып отырып, кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесін белсенді дамытып жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында

жабдықталған. Жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізуді үйрету үшін екі ұнғыма бұрғыланды. Болашақ мамандар практикалық тапсырмаларды орындауы үшін 15 оқу алаңы салынды.



«Самұрық-Қазына» қоры компаниялар тобындағы Жұмысшы мамандықтары жылын қорытындылауға арналған салалық форум өтті. Шараға 1000-нан астам адам қатысты.

Жасанды интеллекті енгізу арқылы еңбек қатынастарын реформалау тақырыбы Жұмысшы мамандықтары жылы мен адами капиталды дамытуға арналған республикалық конференция аясында талқыланды. «Жасанды интеллекті енгізу арқылы еңбек қатынастарын реформалау және өндіріске бағдарланған кадрларды даярлау» тақырыбындағы пленарлық сессияға «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, «Қазақтелеком» басшысы Бағдат Мусин, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті Ерасыл Жұманбаев, «Парыз» ҰЖБК президиумының төрағасы Жұмабек Жанықұлов, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің аппарат басшысы Мадияр Қожахмет қатысты. Спикерлер жасанды интеллекті өндірістік процестерге енгізу, кәсіби стандарттарды жаңарту, еңбек қатынастарын жаңғырту және жаңа буын кадрларын даярлау мәселелерін талқылады.

Жұмысшы мамандықтары жылының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» қоры мұнай-газдан бастап байланыс пен көлік саласына дейінгі өндірістік



ҚМГ қызметкерлердің кәсіби әлеуетін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынуға бағытталған ауқымды бағдарламаларды іске қосты. Сонымен қатар жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жан-жақты жұмыс атқарылып жатыр. ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарында 250-ден астам әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысы мен жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылуда, – деді А.Хасенов.

ҚМГ компаниялар тобында кадрлардың әлеуетін арттыруға бағытталған жүйелі әрі маңызды жұмыстар жыл бойы жүргізілді. «ҚМГ Кәсіп» бағдарламасы арқылы 12 жұмысшы мамандық бойынша 270 адам оқып, білімін жетілдірді.

Тәжірибе алмасу мақсатында Татнефть, Өзбекнефтегаз, SOCAR, Қарашығанақ және Теңізшевройл серіктес компанияларға 99 маман жіберілді. 250-ден астам студент ҚМГ-ға қарасты кәсіпорындарда дуалды оқудан, сондай-ақ 800-ге жуық студент өндірістік практикадан өтті. Мұнай-газ саласында еңбек ететін жұмысшы әйелдерді дамыту мен қолдауға бағытталған JanAgi білім беру бағдарламасына тәуелді және еншілес ұйымдарынан 47 адам қатысты.

«АЫП» жобасы аясында 63 жас маман өндірістік процестердің тиімділігін арттыру бойынша түрлі бастамалар ұсынды. Нәтижесінде жүзеге асыру үшін 24 жоба іріктелді, олардың жалпы экономикалық тиімділігі 900 млн теңгені құрайды.

100-ге жуық адам қатысқан KMG Skills кәсіби шеберлік байқауы өзара тәжірибе алмасудың және үздік практикалардың алаңына айналды.

ҚМГ-ның қолдауымен Атырау қаласында С.Өтебаев атындағы мұнай-газ университеті жанынан болашақ мамандарды даярлайтын оқу-өндірістік полигоны ашылды. Бұл – мұнай-газ саласының нақты жағдайына барынша жақын жасалған кешен. Оқу алаңында көмірсутектерді геологиялық барлау мен өндіруден бастап, сервистік қызметтер мен мұнай-газ химиясы бағыттарына дейінгі негізгі өндірістік әрі технологиялық процестер қамтылған. Жаңа полигонда 3 мыңнан астам студент дайындықтан өтетін болады.

Кешен заманауи зертханамен, кәсіби дағдыларды жетілдіруге арналған оқу-өндірістік аймақтармен және қондырғылармен, инновациялық шешімдерді тестілеу алаңдарымен

Бұдан бөлек биыл ҚМГ Жастар форумын ұйымдастырып, онда 214 маман өндірістік процестерді басқарудың озық әдістемелерін нақты мысалдар арқылы игеруге, сондай-ақ көшбасшылық және командалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік алды.

Сонымен қатар Munaily Marathon–2025 қайырымдылық спорттық іс-шара өткізілді. Барлық жиналған қаражат Жаңаөзен қаласындағы «Балақай» балаларды оналту орталығына аударылды.

Сөз соңында Асхат Хасенов мұнай-газ секторындағы барлық мамандық иелерінің саланы дамуына қосқан зор үлесі мен өз ісіне адалдығын ерекше атап өтіп, қызметкерлерге қажырлы еңбегі үшін алғыс білдірді.

Салтанатты жиын барысында түрлі марапат иеленгендер қатарында ембіліктер болды:

Әскер Еркетанов, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай және газ өндіру операторы – **Үздік мұнай газ өндіру операторы;**

Амандық Дүйсенғалиев, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының электржазбен дәнекерлеушісі – **Үздік электржазбен дәнекерлеуші;**

Салима Абитова, «Ембімұнайгаз» АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы – **Үздік эколог;**

Әуарал Хисметуллин, «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті Әкімшілік-шаруашылық мәселелері жөніндегі бөлімінің бастығы – **Үздік спорт ұйымдастырушысы.**

Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ операциялық қызметті жетілдіру, өндірістік тиімділікті арттыру және тұрақты өсуді қамтамасыз ету мақсатындағы «Алып» бағдарламасы бойынша жобаларды жоғары жауапкершілікпен өндіріске енгізген бірқатар қызметкерлерге Алғыс хат табысталады:

Дияр Жақаш, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ инженер-технологы;

Нияз Смаилов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ инженер-технологы.

LEAN 6 SIGMA бағдарламасының қатысушысы:

Қалыбек Қаби – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ газ дайындау және күкірт алу цехының инженер-технологы.



ұжымдардың үздік мамандарын марапаттады.

Әріптесіміз, «Ембімұнайгаз» АҚ «Доссормұнайгаз» МГӨБ слесарь-жөндеушісі **Табылды Ізтілеуовке** «Самұрық-Қазына» АҚ Құрметті атағы берілді.

Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ Өндірістік-техникалық департаменті **Бас механика бөлімінің бас механигінің орынбасары Қуаныш Түриев** және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ электржазбен дәнекерлеушісі **Мұхаммедәмин Жақып** «Hi-Tech: болашақ дағдылары-2025» жоғары технологиялық кәсіптердің халықаралық чемпионатына белсенді қатысқаны үшін «Самұрық-Қазына» АҚ Алғыс хатымен марапатталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Қаржы департаменті **Қазынашылық бөлімінің аналитигі Жақсылық Қалы** жас мамандарды дамытуға арналған Qadam Hub бағдарламасына белсенді қатысқаны үшін Samruk Business Academy ЖММ Алғыс хатын иеленді.

Ал, «Ембімұнайэнерго» басқармасының қос қызметкері: **релелік қорғау автоматика және метрология бөлімшесінің сынау және өлшеу электромонтері Алмаз Қадірбек** және «Прорва» ауданылық электр торабының сынау және баптау жөніндегі инженері **Асылжан Бисенов** 7 Qadam Pro 2026 бағдарламасына қатысушы ретінде арнайы сертификаттарға ие болды.



Аһыл үзгігі - 2025: ЕҢБЕГІМЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Биыл біз мұнай өндірісін арттыру мақсатында бірнеше инвестициялық жобаларды қолға алдық, тиімді нәтижелерін көріп те жатырмыз. Бұлар – Ембі өндірісіне жаңа тыныс әкелетін жаңалықтар. Компаниямыздың дамуына қосқан үлестеріңіз үшін баршаңызға алғыс айтамын. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында жоспарымыз орындалып, нәтижелеріміз нығайды. 2025 жылды жақсы жаңалықтармен қорытқалы отырмыз. Алда бізді күткен жұмыс ауқымы бұдан да жоғары, – деген «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет сол жұмыстарды бірлесе атқаруға шақырды. Биылғы қорытындылар бойынша 8 номинацияның иегерлері бағалы сыйлықтармен марапатталды. Әр ата-

лым бойынша үздік болып танылған қызметкерлер мен «Жыл серіктесі» аталған компаниялардың бұл жеңісі – жыл бойы өнімді, жақсы, белсенді еңбек еткен күш-жігерлерінің нәтижесі.

Жыл үздіктері – бірнеше сала өкілдері. Мәселен, олардың қатарында Екатеринбургте өткен «Хайтек-2025» чемпионатында шеберлігі мен жоғары біліктілігін халықаралық деңгейде дәлелдеген кәсіби маман, Компанияның жаңа инвестициялық жобаларын, яғни, Батыс Қарасор кен орнын пайдалануға беру және Батыс Прорва жобасы бойынша бірінші іске қосу кешенінің құрылысы жобаларына жетекшілік еткен басшы да бар.

Сонымен қатар, шығындарды оңтайландыру нәтижесінде басқарма балансындағы рентабельділігі төмен кен орындарының тиімділігін арттыруға ықпал еткен жұмыстарды сапалы ұйымдастырған, енді бірі энергия көздерін блоктау жүйесін енгізу бойынша жабдықтарды жөндеу, техникалық қызмет көрсету және жаңарту кезінде персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялар мен төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарын сапалы ұйымдастырғаны үшін үздіктер сапынан көрінді.

Бөлімнің кәсіби жұмысы мен сот істеріндегі ерекше көрсеткіштері үшін арнайы аталым иегері де осы қатардан табылды.

Өндірістік жұмыстарды жетілдірумен



НОМИНАЦИЯЛАР БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗДАР:



Жыл таңуы –

Мұхаммедәмин ЖАҚЫП,

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Прорвадағы арнаулы техника және автокөлік колоннасының 5 разрядты электржазбен дәнекерлеушісі; Дәнекерлеу ісі бағыты бойынша кәсіби шеберлігі мен үздік машықтары үшін.



Жылдың үздік топ менеджері –

Абат КҰТЖАНОВ,

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары; Мұнай және газ өндіру көрсеткіштерін жақсарту бойынша ауқымы жобаларды жүзеге асырудағы елеулі үлестері мен жүйелі жұмысы үшін.



Жылдың үздік менеджері –

Бағдат НИЯЗГАЛИЕВ,

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы; Басқарма бойынша мұнай өндіру жоспарын орындауға, оның ішінде, рентабельділігі төмен кен орындарының көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған жұмыстарды сапалы ұйымдастырғаны үшін.



Жылдың үздік менеджері –

Ғабит ИМАНҒАЛИЕВ,

«Ембімұнайэнерго» басқармасының бастығы; «Ембімұнайгаз» АҚ-да LOTO энергия көздерін блоктау жүйесін енгізу бойынша және басқарма бойынша өндірістегі жазатайым оқиғалардың болдырмауын 3000 күнге жеткізу жұмыстарын қамтамасыз етуін сапалы ұйымдастырғаны үшін.



Жыл басшысы –

Танай ШАНШИЛОВ,

«Ембімұнайгаз» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаменті наразылық-талап жұмыстары бөлімінің бастығы; Адал еңбегі және «Ембімұнайгаз» АҚ құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қосқан жеке үлесі үшін.



Жыл басшысы –

Есенқұл АБЛЯЛИЕВ,

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының энергетика бөлімінің бастығы; «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарындағы газ поршенді электр станцияларын жоспарлау, жобалау, салу, монтаждау және іске қосу жұмыстарын жоғары сапалы ұйымдастырып және жетекшілік еткені үшін.



Жыл цех бастығы –

Жанбол БЕКЕНБАЕВ,

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №4 Доссор мұнай және газ өндіру цехының бастығы; Өндірістік мәселелерді шешудегі белсенді және жеке бастамасы үшін.



Жыл цех бастығы –

Жәнібек ДЖОЛОВ,

«Ембімұнайэнерго» басқармасының релелік қорғау, автоматика және метрология бөлімшесінің бастығы; Өндірістік процестерді жақсартуға және электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға бағытталған шараларды уақытылы жүзеге асырғаны үшін.



ЕРЕКШЕЛЕНГЕН ЕМБІЛІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

қатар, көктемгі су тасқынының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде жұмысты жедел және сапалы ұйымдастыру үшін су басу қаупі бар аймақтарда бөгеттерді жоғары деңгейде салуды ұйымдастырған ембілік те Компания тарапынан елеусіз қалмады.

Кен орындарындағы ГПЭС жоспарлау, жобалау, салу, монтаждау және іске қосу жұмыстары – қолға алынған жанашыл бастамалардың бірі. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі, сапалы жүргізу, бұған қоса, «Ембімұнайгаз» АҚ электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру бағдарламасы шеңберінде кернеуі

6/10/35 кВ шағын станциялардың, тарату пункттерінің электр жабдықтарын қайта жаңарту және жаңғырту жөніндегі іс-шараны уақытылы іске асырған қызметкерлер де марапат төрінен көрінді.

Ұңғымадағы штангалардың сыну себептерін анықтауға, тәжірибелік сынау бағдарламасы аясында арматураланған штангалардың жүрістерін талдауға және ұңғыма өнімдерін жинауға, тасымалдауға арналған далалық құрылыстарды геологиялық және далалық талдауға белсенді қатысқан, сондай-ақ, айдау ұңғымаларының жұмысқа қабілеттілігін

қамтамасыз етуге, сумен жабдықтау жүйесі объектілерінің тұрақты жұмысын ұйымдастыруға, үйлестіруге және бақылауға, С.Балғымбаев кен орнында су айдау жоспарын орындауға белсенді қатысқан ембіліктер де лайықты ұлығыланды.

Компанияда тұрақты түрде өтетін «Үздік маман» байқауына мамандар дайындап, олардың КМГ деңгейіндегі байқауда бірнеше рет жүлделі орындарға ие болуына жол ашқан, дуалды оқыту жүйесі бойынша студенттеге тәлімгер болып жүрген тәжірибелі мамандар да жыл қорытындысы бойынша үздіктер

қатарынан орын алды.

Салтанатты шарада қызметкерлермен қатар, сенімді қызмет атқарып, кен алаңдарындағы жұмыс процесінің тоқтамауына өз үлестерін қосып жүрген серіктес компаниялардың аты аталды. Олардың бірі – кен орындары мен әкімшілік ғимаратындағы қазандық қондырғыларына техникалық қызмет көрсету бойынша іскер серіктес болса, енді бірі С.Балғымбаев кен алаңындағы жатақхананы жөндеу жұмыстарын және С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің оқу полигонының құрылысын мерзімінен бұрын аяқтады.



Жыл шебері –
Арыстанбек УСТЕМИРОВ,

«Кайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ және конденсат өндіру шебері;

Адал еңбегі және өндірістік жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етуге қосқан жеке үлесі үшін.



Жыл шебері –
Алмабек ИДРАНОВ,

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы №1 мұнай және газ өндіру цехының шебері (қабат қысымын сақтау жөніндегі);

Өндірістік жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етуге адал қызметі және жеке үлесі үшін.



Жыл тәлімгері –
Ақмарал УСАЛИЕВА,

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай дайындау және айдау цехының 2 санатты инженер-химигі;

Мамандарды оқыту мен дамытуға бағытталған жобаларға белсенді қатысқаны үшін.



Жыл тәлімгері –
Қазбек ЕРЖАНОВ,

«Ембімұнайэнерго» басқармасының «Прорва» аудандық электр торабының 5-дәрежелі электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электр монтері;

Жас мамандарды даярлауға, сонымен қатар, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мен нығайтудағы жеке бастамасы мен қатысудың жоғары деңгейі үшін.



Жыл серіктесі –
«Жаһан Атырау» ЖШС

Бас директоры –
Нұржан ИХСАНҒАЛИЕВ
Ұсынылатын қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етудегі Серіктестіктің бүкіл командасының жауапкершілігі мен кәсібилігі үшін.



Жыл серіктесі –
«Егеменді Құрылыс» ЖШС

Бас директоры –
Бағит ҚАРАМҰРЗИН
Серіктестік командасының жүктелген міндеттерді орындаудағы жауапкершілігі, үйлесімділігі және кәсібилігі үшін.



ӨНДІРІС АЛАНДАРЫНДА

Жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет бастаған Компания басшылығы мұнай-газ өндіру басқармаларында болып, еңбек ұжымдарымен кездесті. Жыл ішінде атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы міндеттерді айқындады. Өндіріс алаңдарындағы құрылыс нысандары мен қолға алынған жобалардың бүгінгі беталысы назарға алынды.

«БҮГІНГІ НӘТИЖЕДЕ ӘР ЕМБІЛІКТИҢ ҮЛЕСІ БАР»



Іссапар «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасынан басталды. Компания басшылығы басқарманың Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен алаңындағы ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының құрылысымен танысты. Жоспарға сай 2026 жылдың көктемінде іске қосылатын қондырғы мұнай өндіру көрсеткішін 110 мың тоннаға дейін өсіреді деп күтілуде.

Сапар барысында С.Балғымбаев кен алаңындағы күрделі жөндеу жүргізілген 100 орынды жатақханада болып, мұнайшыларға жасалған әлеуметтік жағдайларды білді.

Бұдан соң мұнайшылармен кездесу барысында Бас директор Ринат Измұханбет еңбек адамдарының табысты қызметтерін атап өтіп, ұжымға ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, өндірістегі 2025 жылдың негізгі жетістіктері мен маңызды жаңалықтарына тоқталып, атқарылған



жұмыстардың нәтижелерімен бөлісті. Алдағы жоспарлар, өндіріс тиімділігін арттыру және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету бағытындағы бастамалар да сөз болды.

Бұдан соң ұжыммен кездесу «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасында жалғасты. Жиынға басқарманың Құлсары бағытына қарасты цехтар, учаскелер ұжымдарының өкілдері мен орталық аппараттың қызметкерлері қатысты. Жиында Компанияның 2025 жыл ішінде қол жеткізген нәтижелі жұмыстары, инвестжобалардың қолға алынуы мен алдағы жұмыс жоспары баяндалды.

Компания соңғы уақытта ілеспе газды қадеге жарату, өндірісті өз электр энергиясымен қамту мәселелеріне басымдық беруде. Сол арқылы мұнай өндіру көрсеткішін көтеру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуді көздеп отыр. Сонымен қатар өнім берудің жоғарғы сатысындағы кен алаңдарының тиімділігін көтеру



бағытында да үлкен жұмыстарды қолға алуда. Кездесу барысында осындай жағымды жаңалықтармен бөліскен Ринат Измұханбет жетістікке үлес қосқан барша еңбек ұжымына алғыс білдіріп, жаңа жылға сәттіліктер тіледі.

Дәл осы мақсаттағы жиындар «Қайнармұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» басқармаларында да жалғасты. Компания басшылығы Кенбай кен алаңында салынып жатқан асхана мен әкімшілік ғимараттардың құрылыс жұмыстарымен жан-жақты танысты. Әкімшілік ғимараттың құрылысы сапалы аяқталып, жаңа жыл қарсаңында қайнарлықтардың игілігіне ұсынылып отыр. Сапар барысында Кенбай кен алаңында өткен



кеңейтілген жиынға «Қайнармұнайгаз» басқармасына қарасты барлық цехтардың ұжымдары қатысып, басшы мұнайшыларға өндірістік мәселелер мен алдағы жоспарлар туралы баяндап өтті. Әсіресе, Компанияға қарасты өзге мұнай-газ өндіру басқармаларындағы 2025 жылға жоспарланған инвестициялық жобалар туралы жан-жақты ақпарат беріліп, 2026 жылы іске қосу межелеген жобаларға да тоқтала кетті. Кездесудің қорытындысында басшы қайнарлық мұнайшыларды жаңа жыл мерекесімен құттықтап, табысты еңбек пен денсаулық тіледі.

Осы мақсаттағы жиын «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты Шығыс Мақат кенішінде де ұйымдастырылды. Мұнда да өндірістік көрсеткіштер, жоспарлы жұмыстар мен болашақтағы даму бағыттары



сөз болды.

Сапар аясында Компания басшылығы Доссор кентінде бой көтеріп жатқан әлеуметтік маңызы зор нысандар – кітапхана мен мұражай құрылыстарымен де танысты. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары аяқталу сатысында, ал санаулы күндерден кейін бұл мәдени орындар өз есігін жұртшылыққа ашпақ. Аталған нысандар өңір тұрғындарының рухани дамуына, тарихи мұраны насихаттауға үлкен үлес қосады деп күтілуде.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет бастаған Компания басшылығының кен алаңдарына жұмыс сапары өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға және еңбек жағдайын жақсартуға бағытталды. **ЕТ**

ПІКІР

Иван ИСИКБАЕВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасы Құлсары мұнай дайындау және айдау цехының бастығы:

– 2025 жылдың қорытындылануына аз ғана күндер қалғанда басшымыздың ортамызда болып, осы жылдың басты оқиғаларына шолу жасауы – қарапайым еңбек адамына үлкен мотивация беретін шара деп есептеймін.

Жалпы Ембі өндірісінің біраз кен алаңдарында айтарлықтай жақсы істер орын алуда. Өндірістің дамуына үлкен жол ашатын біраз инвестициялық жобалардың қолға алынуына басшы жан-жақты тоқталды. Ауыз толтырып айтатын жағымды жаңалықтар қатарының көп екендігіне көз жеткіздік. «Компанияның қол жеткізген табысында әр мұнайшының үлесі бар» деген басшының сөзін естігенде кез-келген жұмысшының жүрегіне қуаныш ұялайды. Үлкен табысқа тамшыдай болса да үлес қосу – мақтаныш қой.



Казбек ҚОШАЕВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының 5-дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы:

– 5 мыңға жуық адам еңбек ететін Компания – шын мәнісінде үлкен шаңырақ. Қолға алынып жатқан жағымды істерді таратудың бір жолы – осындай жиындар. Негізгі компания басшылығы

жұмысшылармен жыл ішінде тұрақты кездесіп тұрады. Әр кездесудің өз айтары бар. Жыл соңындағы кездесу, жыл ішінде атқарылған жұмыстарға есеп берудің маңыздылығы басқаша. Біз өзге басқармалардағы нәтижелі жұмыстар туралы кеңірек білдік. «Жайықмұнайгаз» бен «Жылыоймұнайгаз» басқармаларындағы жаңа жобалардың қолға алынуы, олардың өндіріске әсері туралы толығырақ мәлімет алдық.

Ізтелеу СӘРСЕМБАЕВ,
«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасы Шығыс Мақат мұнай-газ өндіру цехының 5-дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы:

– Біздің компанияның құрамында 6 басқарма бар. Әр басқарманың алдына қойған жоспарлары бар. Кен алаңдарының өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Ал, бәрімізді бір ортаға жұмылдыратын – осындай жиындар. Біз жылдың қорытындысына арналған мұндай кездесулерде көптеген жаңалықтарға қанығып қаламыз. Мен өзім «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» бен «Қайнармұнайгаз» басқармаларындағы жақсы жұмыстар туралы естіп, әріптестерімнің табыстарына қуандым.



Мейрамбек ТӨРЕМҰРАТОВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының инженер-технологы:

– «Ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келеді» деген сөз тіркестерін оқығанда көз алдына ескі кен алаңдары еріксіз келетін. Бүгінгі жиыннан кейін осы көзқарасымды

біраз өзгерттім. Ембі кен алаңдарындағы басшы айтқан жаңашылдықтар, жаңа жобалар өндіріске серпін берері сөзсіз. Осындай жұмыстардан кейін өндірістік көрсеткіштердің жақсаруына сенім нығаяды. Басшы баяндаған алдағы жылдың жоспарындағы ауқымды жұмыстар да айтарлықтай салмақты. Сондай ауқымды шаралар өзім еңбек ететін «Жайықмұнайгаз» басқармасының біраз кен алаңдарында жалғасады. **ЕТ**

БӘРЕКЕЛДІ!

Жыл ішінде түрлі деңгейдегі жетістікке жеткен мұнайшылар арасында ембіліктер аз емес. Бүгін біз солардың бір тобы туралы арнайы топтама жазба дайындап отырмыз.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ инженер-технологы Дияр Жақаш «Алып» бағдарламасына қатысып, үздік жобасы үшін Жапонияда оқуға мүмкіндік алды. Әлемнің 12 елінен жиналған қатысушылар арасында болған әріптесіміздің әсерімен бөлісуін сұрадық.

Дияр ЖАҚАШ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ инженер-технологы:



«АЛЫП» – МҮМКІНДІКТЕРГЕ АШЫЛҒАН ЖОЛ

– Мен – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы ұйымдастырған мамандардың кәсіби дамуына және ысырапсыз өндіріс мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Алып» бағдарламасының қатысушысымын. Бұл жоба жетік ойлау мен жұмыс тәсілдерін трансформациялауға көмектеседі, өндірістік процестерге жанаша қарауға және заманауи талаптарға сай болуға ықпал етеді.

Ең алғашқы кезеңде жобаға қатысу үшін іріктеліп, «Ембімұнайгаз» АҚ әр құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің арасынан 7 адам анықталды. Бұдан соң, Ақтау қаласында ұйымдастырылған 3 модульді бағдарламасына қатыстым. Алғашқы кезеңде жалпы методикаларды қолдана отырып, белгілі бір проблеманы шешу жолдарын сараладық. Екінші, үшінші модульде қаржылық сауаттылық, жасанды интеллект тақырыптарын меңгеруге мүмкіндік жасалды.

Маусым айында күрсты аяқтаған 60 адамның ішінен 10 адам іріктеліп, ҚМГ басшылығы алдында өз жобаларын қорғап шықты. Мен ұңғымаларды жуу тиімділігін арттыру жобасын жасақтадым. Аталған мәселенің оң шешімін табуға тырыстым. Нақты өндірістік нысандарда жүргізілген тәжірибелік және эксперименттік іс-шаралардың негізінде дайындалған жобамның жоғары бағалануы нәтижесінде мен және «Қаражанбасмұнай» АҚ геологы таңдалып, екі

айлық тағылымдамаға Жапонияға жіберілдік. Мозамбик, Папуа-Жаңа Гвинея, Катар, Ирак, Оман, Вьетнам, Тайланд, Малайзия, Жапония секілді тағы да бірнеше елдерден келген 21 қатысушы арасында екі қазақстандық болдық. Қыркүйек айының басынан бастап, қараша айында аяқталған дәріс барысында кен алаңдарын игеру, жаңа технологиялар тақырыптарында арнайы курс оқыдық. Тақырыптық дәрістермен қатар, жапондардың тарихы, тұрмыс-тіршілігімен таныс болдық.

Оқу нәтижесі бойынша соңғы екі аптада Launcher бағдарламасы арқылы бай тарихы бар кен орнының алдағы 20 жылда жұмыс жасау принципін зерделеп, болашағына қатысты көрсеткіштерді зерттедік. Қорытындысында арнайы сертификат иелендік.

Бұл сапар – мен үшін үлкен мүмкіндік. Өзімді шыңдаумен қатар, әлемдік масштабтағы жұмыс ауқымымен, дүниежүзілік өркениетпен танысуыма жол ашылды. Дәл осындай жағдай жасап, қолдауы үшін Компания басшылығына алғыс білдіремін.

Қазіргі уақытта «Алып» бағдарламасы бойынша жасақтаған жобам іске асырылуда. Құжаттары жасақталып, тапсырамыз деген ойдамын. Осы жобам Ембі өндірісі үшін пайдасын тигізіп, өндірістік көрсеткіштерінің артуына септігін тигізсе, бағдарламаның тиімді екенінің шынайы көрінісі осы болады. **ET**

МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

Әр жылдың соңы таялғанда дәстүрге сай атқарған жұмыстарымыздың нәтижесін саралаймыз. Келер жылдың еншісіндегі үлкен міндеттер мен оның шешу жолдарына қатысты ой-пікірімізді ортаға саламыз. Осы орайда өзіміздің төл басылым – «Ембі тынысы» газеті арқылы маңызды деген мәселелерге қатысты сіздермен ой бөлісуді жөн көрдім.

2025 жылы Атырау облысы бойынша әріптестік байланыс орнату, өңірдегі әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу үшжақты комиссиясының құрамына қабылдандым. Жұмысшылардың мүддесін қолдау, олардың әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау мақсатындағы шараларды жоғары деңгейде орындауға мүмкіндік беретін мұндай комиссияда маңызды



Болат НСАНБАЕВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының жетекшісі:

«ҰЖЫМДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ДАМУ НЕГІЗІ»

мәселелер сөз болып, тиісті құжаттар бекітіледі. Бұл да Компанияның Кәсіподақ ұйымының жетекшісі ретінде алдыма қойған жоспарларымды сапалы орындауға мүмкіндік беретінін атап өткім келеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының жетекшісі ретінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіндегі мұнай-газ және мұнай өңдеу, мұнай-газ химиясы салаларындағы әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үшжақты салалық комитетінің де құрамында болуым ембілік мұнайшыларға қатысты кейбір мәселелерді жоғары мінбелерде айтуға, керекті жағдайларда дереу шешу үшін берілген үлкен мүмкіндік деп ойлаймын.

Үшжақты комиссияның негізгі рөлі – еңбек жағдайында мүдделердің тепе-теңдігін сақтау, ұжымдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайту. Үшжақты комиссияда әкімшілік, жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ашық диалог орын алады. Аталмыш комиссияға мүше болу арқылы мұнайшылардың еңбек құқықтарын қорғау, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту түсу мақсатында тиісті шешімдерді дереу қабылдауға үлесқосатынымды ерекше атап өткім келеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымы алдағы уақыттарда да ұжымдағы тұрақтылықты сақтау мақсатындағы іс-шараларды тиісті деңгейде жүргізуді жалғастырады. Санаулы уақыттан кейін тарих сахнасына көтерілгеніміз отырған 2025 жылдың тағы бір маңызды оқиғасы – жергілікті кәсіподақ құру туралы мәселені көтеріп,

осы бағытта жұмысты қолға алдық. Осы мәселені кеңірек түсіндіру үшін төл газетімізге арнайы сұхбат та бердім. Мақсатым – «Неге жергілікті кәсіподақ ұйымы?» деген сауалға барынша жан-жақты келіп, жұмысшылардың көкейіндегі сауалдарға тұшымды жауап беру болатын. Сол сұхбатымда жарна мәселесіне де кеңірек тоқталдым. Енді бұрынғыға қарағанда өз бюджетімізде жарнаның біраз бөлігі қалады. Бұл қаражат жұмысшылардың әлеуметтік мәселелерін жақсартуға жұмсалатынын ашық айтқан едім.

Биыл Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының «Қазақстан кәсіподақтар қозғалысына сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталуымды сіздермен бірлесе жұмыс жүргізуімнің нәтижесі деп бағалаймын. Сонымен қатар, Компанияға қарасты барлық басқармадағы кәсіподақ комитетінің жетекшілерімен қоян-қолтық жұмыс жүргізе білуімнің нәтижесі дер едім.

2026 жылы бізді үлкен шара күтіп тұр, бүгінгі қолданыстағы Ұжымдық шарттың уақыты аяқталуына байланысты, жаңа Ұжымдық шарттың талаптарына енетін мәселелер туралы құжаттарды жасақтауға кірісеміз. Барлық ұжыммен кездесіп, жұмысшылардың айтарына құлақ түреміз. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатысты жеңілдіктерді сақтай отырып, оларды толықтыруға да мән береміз.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Еңбектеріңіз табысты болсын, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін! **ET**

Маратбек ТАЖЕНОВ –

ҮЗДІК РАЦИОНАЛИЗАТОРЛЫҚ ШЕШІМ АВТОРЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ «Үздік инновациялық компания-2025» байқауының қорытындысын шығарды. Портфельдік компанияларда инновацияларды дамытуға бағытталған байқауға Қорға қарасты сегіз компаниядан 35 жоба қатысты. «Ең үздік енгізілген рационализаторлық шешім» номинациясының үшінші орын иегері – «Ембімұнайгаз» АҚ «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының бастығы Маратбек Таженов.



маманның рационализаторлық ұсынысының негізгі мәні қандай?

Электровинтті сорғысы бар ұңғымада жөндеу жұмыстары басталғанда ең ұзақ және қиын операциялардың бірі – түсірілген құбырды сенімді жабу, оны нығыздау, содан кейін өткелді қайта ашу. М.Таженов жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында муфта қосылыстарында кездесетін ақауларды жоюда уақытты үнемдеу және материалдық шығындарды азайту мақсатында агрегаттармен ығыстырылатын тығынды қолдануды ұсынды.

Қысылатын тығынмен бітеуіш – әдеттегі қақпаққа ұқсайды, тек ортасы мырышталған пластиналар мен паронитпен жасалған сенімді бөлшек.

Аталған тәсілдің тиімділігі – түсіру кезінде немесе қысым барысында муфта қосылыстарынан немесе құбырдан сұйықтықтың шығуы анықталса, жарамсыз құбырды бірден ауыстырып, бұрын түсірілген құбырларды көтермей-ақ, жұмысты жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тереңдігі 1000 метр болатын ұңғымалар үшін өте қолайлы, өйткені жөндеу уақыты қысқарып, ұңғыманы ерте қосуға және қосымша шығындарды болдырмауға септігін тигізеді. Ал, екі есе аз түсіру-көтеру операцияларының әсерінен құбырлар әлдеқайда ұзақ қызмет етеді, ұңғыма бірнеше сағатқа аз тұрады. Колонна бір рет нығыздалған және герметикалық кепілдігі бар. Көтергіш және адамдар аз жұмыс істейді.

Осындай тиімді, уақытты, адам күшін, қаржыны үнемдейтін ұсынысы үшін үздіктер қатарынан көрінген әріптесіміз Маратбек Таженовтың бұл шешімі өндірістегі жұмыс барысына оң әсер етеріне сенеміз. **ET**

«Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы ұйымдастырған байқаудың жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсіміне Қор басшысы Нурлан Жақыпов, Премьер-Министрдің орынбасары Аида Балаева, компаниялардың өкілдері қатысты.

Үздік үштікке енген әріптесіміз Маратбек Таженов аталған басқармада 1991 жылдан бері еңбек етіп келеді. Ембілік

БАЙҚАУ

Еңбек өнімділігінің басты кепілі – жұмысшылар үшін жасалған қолайлы жағдай. Осыған сай, Компанияның басымдық беретін бағыты – қызметкерлердің алаңсыз еңбек етулеріне қажетті жағдайды жасақтау. Ембі өндіріс алаңдары әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылған. Жайлы жатақхана – солардың негізгілерінің бірі.

Осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру, жетістіктерді көрсетумен қатар, кемшін тұстарды да анықтау мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ биыл бірінші рет «Үздік жатақхана» байқауын өткізді. Әр өндірістік-құрылымдық бөлімшеден бір жатақхана қатысқан конкурс нәтижесі жыл соңында жарияланып, марапаттар табысталды.

Аталған байқауға барлығы 5 жатақхана қатысты. Байқаудың ұйымдастырушысы және оны өткізу бойынша үйлестірушісі – Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті.

«Байқаудың мақсаты – жұмысшы-қызметкерлердің әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, жауапкершілікті, ұжымдық бірлікті арттыру. Қорытындысында бірнеше талаптар бойынша үздік деп танылған жатақхананың оң тәжірибесін насихаттау – негізгі күтілетін нәтиженің бірі. Өйткені, қолайлы, лайықты орта – барлық жатақханаға ортақ мәселе» дейді **Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин.**

Арнайы құрылған комиссия санитарлық тазалықты, бөлмелердің эстетикалық көрінісі, жатақхана аумағын көгалдандыру және абаттандыру, жалпы

ЖАТАҚХАНАҒА ЖАЙЛЫ МА, ЖҰМЫСШЫ?!



аумақтың тазалығы, демалыс орындарымен қамтамасыз етілуі, ғимараттың сырт келбеті, ауланың жарықпен қамтылуы, спорт алаңдарының стандартқа сай болуы сияқты негізгі талаптарды қадағалады. Сонымен қатар, тиісті құжаттардың уақытылы толтырылып, жүргізілуі, жаңартылуы және талапқа сай келуі, көрнекі ақпараттардың болуы, техникалар сапасы, тұрмыстық қолданыстағы заттардың тазалығы, сапасы сияқты жәйттерді де жіті назарға алды. Қауіпсіздік мәселесіне де ерекше мән берілді. Соған сай, апатты есіктің болуы, төтенше жағдай кездерінде іске қосылатын ескерту құралдары мен тақтайшаларының болуы да комиссия назарынан тыс қалмады.

Аталған критерийлердің барлығы да – тұтастай алғанда жатақханадағы жайлылықты қамтамасыз ететін негізгі талаптар. Осыны ескерген конкурстық комиссия арнайы бағалау бетшесін жасақтап, қорытынды ұяй санын шығарды. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі 3 орын анықталды. **I орын – «Қайнармұнайгаз» басқармасының Береген Жоламанов атындағы кен орнының жатақханасы;** **II орын – «Жылоймұнайгаз» басқармасының Қисымбай кен орнының жатақханасы** **III орын – «Жайықмұнайгаз» басқармасының Жаңаталап кен орны жатақханасының ұжымы.** Сонымен қатар, **ынталандыру жүлделері** қарастырылды. Компания өндірістік көрсеткіштерге ғана емес, еңбек және тұрмыс жағдайларына да назар аударып отырып, қызметкерлерді қолдау бағдарламаларын іске асырып келеді. Соған сай,

жатақханалардың да озық жетістіктері, өзгелерден бөлек ұстанымдары бойынша жеңімпаздар есімі жария болды. Мәселен, бірінші орын алған «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов атындағы кен орнының жатақханасында қызметкерлер электр қуаты мен суды үнемдеу үшін қозғалыс датчиктерін және әр бөлмеге да-

был түймесін орнатқан. Жеңімпаз жатақханалардың аумақтары әр алуан кейіпте абаттандырылып, гүлдер отырғызылды, тіпті импровизацияланған материалдардан жасалған киіз үйдің макеті мен сәндік қолөнер бұйымдары бар.

Айта кетейік, «Үздік жатақхана» байқауын келесі жылы да жалғастыру жоспарда. **ET**



был түймесін орнатқан. Жеңімпаз жатақханалардың аумақтары әр алуан кейіпте абаттандырылып, гүлдер отырғызылды, тіпті импровизацияланған материалдардан жасалған киіз үйдің макеті мен сәндік қолөнер бұйымдары бар.

Айта кетейік, «Үздік жатақхана» байқауын келесі жылы да жалғастыру жоспарда. **ET**

ИПІС

1000 БАЛАҒА – ТЕАТРҒА БИЛЕТ

Жаңа жыл қарсаңында әр баланың жүрегіне қуаныш пен үміт отын жағу мақсатында ембіліктер ізгі іс-шараға үлес қосты.

Әріптестеріміздің қолдауымен Махамбет атындағы Атырау облыстық академиялық қазақ драма театрында сахналанған «Қарша қыз және жеті гном» қойылымына аз қамтылған, көпбалалы отбасылар санатындағы және әскери отбасылардың балаларына 1000 билет тарту етілді.

Осылайша, «Ембімұнайгаз» АҚ басқару аппаратының қызметкерлері Атырау қаласы мектептерінің оқушыларына қамқорлықтың үлгісін көрсетіп, қоғамдағы мейірімді нығайта түсті. Балалардың қуанышына себепші болып, Жаңа жыл мерекесінің ғажайыпқа толы сәт екенін айшықтай түсті. **ET**



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Кулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.